

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің есептілікті беру ережесін бекіту туралы" 2010 жылғы 3 қыркүйектегі № 128 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 63 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 2 сәуірде № 7508 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы № 81 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.05.2015 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің есептілікті беру ережесін бекіту туралы» 2010 жылғы 3 қыркүйектегі № 128 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 55113 тіркелген) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің есептілікті беру ережесінде 1-қ о с ы м ш а д а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары есептілікті мынадай кезеңділікпен және мынадай нысандар бойынша:

1) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күні Астана қаласының уақытымен сағат 18.00-ден кешіктірмей: осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес ақша қалдығы туралы есепті; осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес орналастырылған салымдар туралы е с е п т і ;

осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес бағалы қағаздар туралы есепті; осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес «кері РЕПО», «РЕПО» операциялары

т у р а л ы е с е п т і ;

осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес қайта сақтандырушылардан алынуға тиіс сомалар, сақтанушылардан (қайта сақтанушылардан) және делдалдардан алынуға тиіс сақтандыру сыйлықақылары туралы есепті;

осы Ереженің 6-қосымшасына сәйкес инвестициялық мүлік және негізгі қ а р а ж а т т у р а л ы е с е п т і ;

осы Ереженің 7-қосымшасына сәйкес «жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтерін есептеу т у р а л ы е с е п т і ;

осы Ереженің 8-қосымшасына сәйкес «өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтерін есептеу т у р а л ы е с е п т і ;

осы Ереженің 9-қосымшасына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акционерлері туралы мәліметтерді;

осы Ереженің 10-қосымшасына сәйкес сақтандыру сыйлықақылары туралы е с е п т і ;

осы Ереженің 11-қосымшасына сәйкес сақтандырудың (қайта сақтандырудың) і р і ш а р т т а р ы б о й ы н ш а е с е п т і ;

осы Ереженің 12-қосымшасына сәйкес ірі сақтандыру төлемдері бойынша е с е п т і ;

осы Ереженің 13-қосымшасына сәйкес мәлімделген ірі талаптар бойынша е с е п т і ;

осы Ереженің 14-қосымшасына сәйкес сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы түріндегі кірістер мен шығыстар туралы есепті;

осы Ереженің 15-қосымшасына сәйкес сақтандыру төлемдері туралы есепті;

осы Ереженің 16-қосымшасына сәйкес міндеттемелердің көлемі бойынша е с е п т і ;

осы Ереженің 17-қосымшасына сәйкес қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары туралы есепті;

осы Ереженің 18-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының резиденті еместермен жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша есепті;
» ;

2) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың бесінші жұмыс күні Астана қаласының уақытымен сағат 18.00-ден кешіктірмей:

осы Ереженің 19-қосымшасына сәйкес ұлттық және шетел валютасындағы активтер мен міндеттемелердің мерзімдерін салыстыру кестесін;

осы Ереженің 20-қосымшасына сәйкес өзге дебиторлық берешек туралы е с е п т і ;

осы Ереженің 21-қосымшасына сәйкес басқа заңды тұлғалардың капиталына

инвестициялар туралы есепті;
осы Ереженің 22-қосымшасына сәйкес алынған заемдар туралы есепті;
осы Ереженің 23-қосымшасына сәйкес өзге кредиторлық берешек туралы
е с е п т і ;
осы Ереженің 24-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының өңірлері
бойынша сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру
сыйлықақылары туралы есепті;
осы Ереженің 25-қосымшасына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымының үлестес тұлғаларымен жасалған сақтандыру және қайта сақтандыру
шарттары бойынша ақпаратты;
осы Ереженің 26-қосымшасына сәйкес екінші деңгейдегі банктердің
қатысуымен жасалған сақтандыру шарттары бойынша ақпаратты;
осы Ереженің 27-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының өңірлері
бойынша сақтандыру шарттары бойынша жүзеге асырылған сақтандыру
төлемдері туралы есепті;
осы Ереженің 28-қосымшасына сәйкес жалпы және әкімшілік шығыстар
туралы есепті;
осы Ереженің 29-қосымшасына сәйкес баланстан тыс шоттар (шартты және
ықтимал талаптар) бойынша қалдықтар туралы есепті;
осы Ереженің 30-қосымшасына сәйкес баланстан тыс шоттар (меморандум
шоттары) бойынша қалдықтар туралы есепті;
осы Ереженің 31-қосымшасына сәйкес экономикалық қызмет түрлері
бойынша сақтандыру сыйлықақыларының және сақтандыру төлемдерінің
жіктелімін;
осы Ереженің 32-қосымшасына сәйкес есептілікке түсіндірме жазбаны;
осы Ереженің 33-қосымшасына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымының штаттық актуарийі туралы ақпаратты;
осы Ереженің 34-қосымшасына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру)
шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өзіндік ұстап
қалуының мөлшері туралы ақпаратты;
3) жыл сайын :
есепті жылдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күні Астана қаласының
уақытымен сағат 18.00-ден кешіктірмей:
осы Ереженің 35-қосымшасына сәйкес қайта сақтандыру қызметі туралы
е с е п т і ;
осы Ереженің 36-қосымшасына сәйкес сақтанушыларға («өмірді сақтандыру»
саласындағы қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары үшін) берілген
заемдар туралы есепті;
есепті жылдан кейінгі жылдың 15 мамырына дейінгі мерзімде – осы Ереженің

37-қосымшасына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің аудиті туралы ақпаратты ұсынады.»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру брокері қайта ұйымдастырылған жағдайда есептілік уәкілетті органға көрсетілген тұлғалардың сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына арналған және (немесе) сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына арналған лицензияларды уәкілетті органға қайтару күніне дейін ұсынылады.»;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Сақтандыру брокері таратылған жағдайда есептілік уәкілетті органға соттың мәжбүрлеп тарату туралы шешімі заңды күшіне енген күнге дейін не сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына арналған лицензияларды уәкілетті органға қайтару күніне дейін ұсынылады.»;

21 және 22-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Осы Ереженің «Жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтерін есептеу туралы есеп» деген 7-қосымшасы бойынша.

Осы қосымшада есепті кезеңнің соңындағы сақтандыру сыныптары бөлігінде сақтандыру резервтерінің сомасы көрсетіледі. «Жалпы сақтандыру» саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары ұсынады. Сақтандыру резервтерінің жалпы сомасы бухгалтерлік баланста көрсетілген сақтандыру резервтерінің сомасына сәйкес келеді.

22. «Осы Ереженің «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтерін есептеу туралы есеп» деген 8-қосымшасы бойынша.

Осы қосымшада есепті кезеңнің соңындағы сақтандыру сыныптары бөлігінде сақтандыру резервтерінің сомасы көрсетіледі. Қосымшаны «өмірді сақтандыру» саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары ұсынады. Сақтандыру резервтерінің жалпы сомасы бухгалтерлік баланста көрсетілген сақтандыру резервтерінің сомасына сәйкес келеді.»;

7 және 8-қосымшалар осы қаулының 1 және 2-қосымшаларына сәйкес редакцияда жазылсын.

11-қосымша осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Г. Марченко

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ұ л т т ы қ

Б а н к і

Б а с қ а р м а с ы н ы ң

2012 жылғы 24 ақпандағы

№ 63 қаулысының

1-қосымшасы

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің есептілікті беру ережесіне

7-қосымша

«Жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтерін есептеу туралы есеп (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)

20__ жылғы «__» _____ жағдай бойынша

№ р/р	Сақтандыру сыныптарының атауы	Сақтандыру коды	Еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резерві, жалпы сомасы	Қайта сақтандырушының еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резервіндегі үлесі
1	2	3	4	5
1	міндетті сақтандыру	100		
1.1	көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру	101		
1.2	тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру	102		
1.3	өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру	103		
1.4	жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру	104		
1.5	экологиялық сақтандыру	105		
1.6	аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру	106		
1.7	Туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру	107		
1.8	Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру	108		
	Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян			

1.9	келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру	109		
1.10	сақтандырудың өзге түрлері (сыныптары)	110		
2	ерікті жеке сақтандыру	200		
2.1	жазатайым жағдайлардан сақтандыру	201		
2.2	ауырған жағдайдан сақтандыру	202		
2.3	сақтандырудың өзге түрлері (сыныптары)	203		
3	Ерікті мүліктік сақтандыру	300		
3.1	автомобиль көлігін сақтандыру	301		
3.2	теміржол көлігін сақтандыру	302		
3.3	әуе көлігін сақтандыру	303		
3.4	су көлігін сақтандыру	304		
3.5	жүктерді сақтандыру	305		
3.6	3.1–3.5-тармақтарды қоспағанда, мүлікті сақтандыру	306		
3.7	автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру	307		
3.8	әуе көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру	308		
3.9	су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру	309		
3.10	3.7–3.9-тармақтарда көрсетілген сыныптарды қоспағанда, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру	310		
3.11	заемдарды сақтандыру	311		
3.12	ипотеканы сақтандыру	312		
3.13	кепілдіктер мен кепілдемелерді сақтандыру	313		
3.14	басқа да қаржы шығындарынан сақтандыру	314		
3.15	3.11–3.14-тармақтарда көрсетілген сыныптарды қоспағанда, қаржы ұйымдарының шығындарын сақтандыру	315		
3.16	титулдық сақтандыру	316		
3.17	Сот шығыстарынан сақтандыру	317		
3.18	сақтандырудың өзге түрлері (сыныптары)	318		
4	Барлығы	400		

Қайта сақтандырушының қосымша резервтердегі үлесі	Қосымша резервтердің таза сомасы	Сақтандыру резервтерінің жалпы сомасы	Қайта сақтандырушының сақтандыру резервтерінің жалпы сомасындағы үлесі	Жалпы сақтандыру резервтерінің таза сомасы
16	17	18	19	20

Бірінші басшы (ол жоқ болған кезеңде – оның орнындағы адам):

 (лауазымы, тегі, аты, бар болғанда - әкесінің аты) (қолы)
 Бас бухгалтер: _____
 (тегі, аты, бар болғанда - әкесінің аты) (қолы)

Актуарий: _____

(лауазымы, тегі, аты, бар болғанда - әкесінің аты) (қолы) (телефон нөмірі)

Орындаушы: _____

(лауазымы, тегі, аты, бар болғанда - әкесінің аты) (қолы) (телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған күн 20 _____ жылғы « ____ » _____.

Мөр орны

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ұ л т т ы қ

Б а н к і

Б а с қ а р м а с ы н ы ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2 4

а қ п а н д а ғ ы

№ 6 3

қ а у л ы с ы н ы ң

2-қосымшасы

«Сақтандыру

(қайта сақтандыру)

ұйымдарының

және

сақтандыру

брокерлерінің

есептілікті

беру

ережесіне

8-қосымша

«Өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтерін есептеу туралы есеп (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)

20 _____ жылғы « _____ » _____ жағдай бойынша

№ р/р	Сақтандыру сыныптарының атауы	Еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резерві, жалпы сомасы	Қ а й т а сақтандырушының еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резервіндегі үлесі	Еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резервінің таза сомасы	Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындар резерві	Қ а й т а сақтандырушының өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындар резервіндегі үлесі
1	2	3	4	5	6	7
1	Барлығы					
1.1	өмірді сақтандыру					
1.2	аннуитеттік сақтандыру, оның ішінде					
1.2.1	«Қазақстан Республикасында зейнетақымен камсыздандыру туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан					

	Республикасының Заңына сәйкес жасалған зейнетақы аннуитеті шарттары					
1.2.2	«Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыру туралы» 2005 жылғы 7 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған аннуитет шарттары					
1.2.3	Аннуитеттік сақтандырудың өзге түрлері					
1.3	жазатайым жағдайлардан сақтандыру					
1.4	ауырған жағдайдан сақтандыру					
1.5	қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыру					
1.6	сақтандырудың өзге түрлері (сыныптары)					

кестенің жалғасы

Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған	Аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындар резерві	Қ а й т а сақтандырушының аннуитет шарттары бойынша орын	Аннуитет шарттары бойынша орын алмаған	Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резерві	Қ а й т а сақтандырушының орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервіндегі үлесі	Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар
--	---	--	--	--	--	--

1	2	3	4	5	6	7	8	9
1								
2								
	Барлығы							

Бірінші басшы (ол жоқ болған кезеңде – оның орнындағы адам):

_____ (тегі, аты, бар болғанда - әкесінің аты) _____ (қолы)

Бас бухгалтер: _____ (тегі, аты, бар болғанда - әкесінің аты) _____ (қолы)

Орындаушы: _____ (лауазымы, аты-жөні) _____ (қолы) _____ (телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған күн 20____ жылғы «__» _____.

Мөр орны